

Дәріс 7

Дебиторлық берешек есебі

Дәріс жоспары

- Дебиторлық берешек түсінігі және оның түрлері: саудалық және саудалық емес.
- Сатып алушылар және тапсырыс берушілермен есеп айырысу есебі.
- Күмәнді дебиторлық берешекті есепке алу тәсілдері және оларды бағалау әдістері.
- Жұмыскерлердің дебиторлық берешектерінің есебі.
- Алдағы кезең шығындарының есебі.
- Берілген аванстар есебі

Ақшалай қаражат сипаттамасы

Дебиторлық берешек бұл басқа мекемелердің мекеменің алдындағы ақшалай шаққандағы қарыздық міндеттемелері болып табылады.



Мекемелердің дебиторлық берешегінің негізгі түрі болып сатып алушылардың оларға жөнелтілген немесе сол жерде босатылған тауарлық-материалдық қорлар, тапсырысшылардың көрсеткен қызметтері үшін қарыздық міндеттемелер танылады.

Сатып алушылардан төлемдерді алу үшін қолданылатын құжаттар

Төлем талап-тапсырмалар

Төлем тапсырмалар

Чектер

Вексельдер

Бір жылға дейінгі мерзімде есеп айырысу операциялары үшін қолданылатын шот:
1210 «Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі»

Бір жылдан асатын мерзімде есеп айырысу операциялары үшін қолданылатын шот:
2110 «Сатып алушылар мен тапсырысшылардың ұзақ мерзімді берешегі».

① Жөнөтiлген өнiмдер мен тауарлар және көрсетiлген қызметтер үшiн сатып алушылар мен тапсырысшыларға төлеуге есеп айырысу-төлем құжаттары (шот-фактуралар, тауар-көліктік жүк құжаттары және т.б.) негізінде бухгалтерлік есеп шотарында келесі жазулар жасалады:

Дебит: 1210, 2110

Кредит: 6010, 3130

② Төлеуге ұсынылған есеп айырысу-төлем құжаттары бойынша сатып алушылар мен тапсырысшылардан төлемдердің түсуіне қарай банктің жазбаша үзінділері немесе кассалық кіріс ордерлері негізінде келесі бухгалтерлік жазу жүргізіледі:

Дебит: 1010, 1030

Кредит: 1210, 2110

③ Егер жеткізіп беруге жасалған келісім-шартқа сәйкес сатып алушылар мен тапсырысшылар өнімдер мен тауарларды жеткізу және қызметтер көрсету үшін алдын-ала аванстар аударса, онда мекеменің бухгалтериясы сатып алушылар мен тапсырысшылардың оларға жөнелтілген өнімдер мен тауарлар үшін берешектеріне бұрын алынған аванстар есебінен өтеуді бухгалтерлік есеп шоттарында келесі жазулармен көрсетеді:

Дебит: 3510

Кредит: 1210

Вексель дегеніміз – оның иесінің белгіленген мерзім, яғни уақыт біткен соң борышкердің ақша төлеуін талап ететін құқығын куәландыратын жазбаша борыштық міндеттемесі.

Ал вексель бойынша төлем алушы тұлға **ремитент** болып табылады.

**Сатып алушылар мен тапсырысшыларға
жөнелтілген өнімдер мен тауарлар үшін төлеуге есеп
айырысу-төлем құжаттарын ұсынғанда және
олардың берешектері жеткізу келісім-шарты
бойынша алынған вексельдермен қамтамасыз
етілген жағдайда**

Дебит: 1280

**Кредит: 6010
3130**

Күмәнді берешек

Өнімдер мен тауарлар кейін төлеу (төлеудің мерзімін ұзарту) арқылы сату барысында мекемеде сатып алушылардың келісім-шартта қарастырылған мерзімде өтелмеген және тиісті кепілдіктер мен қамтамасыз етілмеген дебиторлық берешек пайда болу мүмкін, ол күмәнді берешек деп аталады.

Резервті құру әдістері

Сақталған тауарлар,
орындалған жұмыстар,
көрсетілген қызметтер
көлеміне пайыз әдіс


Төлем мерзімдері
бойынша шоттарды
есепке алу әдісі



Тауарды сату көлемінен пайыз әдісінің мәні

Өткен бірінші жылдардағы / кемінде үш жыл / сатылған тауарлар көлемі мен төленбеген шоттарды сомаларын талдау негізінде мекеме үмітсіз қарыздар сомасын сатылған тауарлар көлеміне бөліп және 100% көбейту арқылы есепті мерзіміндегі күмәнді талаптар бойынша құрылатын резервтің орташа пайызын шығарады.





Мысал: «РИАЛ» ЖШС бойынша 2011 жылы сатылған тауарлар көлемі 900 мың теңге болды. 15 мың теңге сатудан түсетін жеңілдік берілді. Өткен үш мерзімдегі сатылған тауарлардың жалпы көлеміндегі үмітсіз қарыздардың орташа пайызын анықтау үшін келесі кестені жасаймыз.

Сатылған тауарлардың жалпы көлеміндегі үмітсіз қарыздардың орташа пайызын есептеу

Жылдар	Сатылған көлем	Үмітсіз қарыздар сомасы	Пайыз (3 бағ : 2 бағ) x 100%
2008	600	14,0	2,33
2009	700	16,5	2,36
2010	800	14,5	1,81
Жиыны	2100	45,0	2,14

$$[(900 \text{ мың теңге} - 15 \text{ мың теңге}) * 2,14\%]$$
$$: 100\% = 18,9 \text{ мың теңге}$$

Осы есептеудің негізінде есепті жылдың соңында күмәнді талаптар бойынша резерв сомасына бухгалтерлік есеп шоттарына келесі жазулар жүргізіледі:

Дебит: 7210 18,9 мың теңге

Кредит: 1290 18,9 мың теңге

Төлем мерзімі бойынша шоттарды есепке алу әдісінің мәні

Күмәнді талаптардың пайызын берешектерді төлеу мерзімдері бойынша анықтау болып табылады. Бұл әдісті пайдаланған кезде мекемеге алынатын шоттар бойынша берешектердің қалдықтарын төлеу мерзімдеріне қарай талдау жасау қажет және алынатын барлық шоттарды келесі санаттар бойынша жіктеу ұсынылады:

Төлеу мерзімі келмеген шоттар

Төлеу мерзімі 1 күннен 30 күнге дейінгі шоттар

Төлеу мерзімі 31 күннен 60 күнге дейінгі шоттар

Төлеу мерзімі 61 күннен 90 күнге дейінгі шоттар

Төлеу мерзімі 90 күннен көп шоттар және т.б.

Әрбір санат үшін күмәнді талаптарын болжамдық пайызы

Бірінші санат - төлеу мерзімі келмеген шоттар - 2%

Екінші санат - 1 күннен 30 күнге дейін - 5%

Үшінші санат - 31 күннен 60 күнге дейін - 20%

Төртінші санат - 61 күннен 90 күнге дейін - 50%

Бесінші санат - 90 күннен көп - 80%

Мысал. «РИАЛ» ЖШС бойынша есепті мерзімдегі алынатын шоттарды 2013 жылғы 31-желтоқсанға жүргізілген түгендеудің нәтижесінде төленбеген дебиторлық берешектің сомасы 100 мың теңгені құрады, оның ішінде төлеу мерзімдері бойынша:

- ✓ Бірінші санат - төлеу мерзімі келмеген шоттар бойынша - 20 мың теңге;
- ✓ Екінші санат - 1 күннен 30 күнге дейін -20 мың теңге;
- ✓ Үшінші санат - 31 күннен 60 күнге дейін - 30 мың теңге;
- ✓ Төртінші санат - 61 күннен 90 күнге дейін - 20 мың теңге;
- ✓ Бесінші санат - 90 күннен көп - 10 мың теңге.

Күмәнді талаптар бойынша резервті төлеу мерзімдері бойынша шоттарды есепке алу әдісімен есептеу

№	Дебиторлық берешек төлеу мерзімдері бойынша	Төленбеген дебиторлық берешектің сомасы	Күмәнді деп саналған талаптардың болжамдық пайызы %	Күмәнді талаптардың сомасы (3 бағ*4 бағ) : 100%
1	Төлеу мерзімі келмеген	20	2	0,4
2	Төлеу мерзімі 1 күннен 30 күнге дейін	20	5	1,0
3	Төлеу мерзімі 31 күннен 60 күнге дейін	30	20	6,0
4	Төлеу мерзімі 61 күннен 90 күнге дейін	20	50	10,0
5	Төлеу мерзімі 90 күннен көп	10	80	8,0
6	Жиыны	100	-	25,4

Күмәнді талаптар бойынша резервті есептегенде келесі жағдайларды есепке алу керек. Егер резерв бірінші рет құрылса, онда оның жалпы сомасы **1290 «Күмәнді талаптар бойынша резерв»** шоты бойынша түпкі сальдоны көрсетеді де, баланста көрсетілуін табады және Пайдалар мен залалдар туралы есепте ол кезең шыңындары ретінде есепке алынады.



Жауапты тұлғалармен есептесу барысында, төмендегі негізгі тәртіптерді ұстану қажет. Ақша жауапты тұлғаның өтініші бойынша, мекеме басшысының жарлығымен, немесе ұйым бойынша шығарылған бұйрыққа сәйкес, кассалық шығыс ордерін толтыра отырып беріледі. Ақшаны алған жауапты тұлғалар, қалыптасқан тәжірибе бойынша, берілген мерзім аяқталғасын үш күннен кешіктірмей, бухгалтерияға қаржыны жұмсағаны туралы **аванстық есеп** беруге тиісті, және есебіне қоса шығынын растайтын барлық қажетті құжаттарды қоса тапсырады.

Міндетті құжаттар

- Қызметкердерді іссапарға жіберу туралы бұйрық (жарлық);
- Авансты жұмсау мақсаты және оның нақты жұмсалуды;
- Әкімшіліктің жарлығы бойынша, іссапар куәлігінде жіберілген елді мекенге келіп кеткені жөнінде белгінің соғылуы;
- Ұсынылған аванстық есептің уақытында және дұрыс жасалуы.

Аванстық есеп бухгалтерияға тапсырылғаннан кейін, қосымша тапсырылған құжаттар тексеріліп, олардың іссапар шығындарының нормативтеріне сәйкестігі сарапталады.



Жауапты тұлғалармен есептесу 1250 «Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық қарыздары», 2150 «Қызметкерлердің ұзақ мерзімді қарыздары» деп аталатын шоттар топтамасында жүргізіледі.